

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

2018-2022 жылдарға арналған
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ
(2018 ж. 27.12, 2020 ж. 30.01. Ғылыми кеңесте қабылданған өзгертулерімен
және толықтыруларымен)

2018-2022 жылдарға арналған ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

I. Кіріспе

Меншік нысандары мен әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіндегі өзгерістермен байланысты Қазақстанның қоғамдық-мемлекеттік құрылысында түбегейлі өзгерістер білім беру қызметтері нарығының жұмысына, бүкіл білім беру жүйесінің қызметіне айтарлықтай ықпал етті. Жоғары білім беру жүйесінде елдің кадрлық әлеуетінің негізін құрайтын мамандарды даярлау жүзеге асырылуда. Осыған байланысты ЖОО-лардың әлеуметтік ортаның сыртқы жағдайларына икемді бейімделуі қажет. Мұнда институттың даму стратегиясы сыртқы жағдайларға бейімделіп, өтпелі кезеңнің дағдарысты жағдайындағы күрделі қиындықтарына төтеп беріп қана қоймай, белсенді, сындарлы болуы тиіс. Осыған байланысты ЕАГИ Ғылыми кеңесінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№ 123 хаттама) Еуразия гуманитарлық институтының 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілді.

Стратегия паспорты

Атауы	ЖОО-ның 2018-2022 жылдарға арналған стратегиясы
Өзірлеменің негіздемесі	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы; ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы; «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Үкіметтің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы - «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»; «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауы - «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сапасын жақсарту»; ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Президенті

	<p>К.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы - «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»; Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» заңы; Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.</p>
Өзірлеуші	Еуразия гуманитарлық институты
Стратегияның мақсаттары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқу процесін жаңғырту негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім беру сапасының халықаралық деңгейіне шығу; институттың әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциясы. 2. Кадрлық әлеуетті және институт қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесін дамыту. 3. Институттың барлық бағыттарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту. 4. Зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен тиімділігін арттыру, ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау. 5. Тәрбие процесін жаңғырту және жүйелі жетілдіру.
Стратегияның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім беру бағдарламалары мен оқу процесінің мазмұнын Болон процесінің параметрлеріне сәйкестендіру және білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде ЖОО-ның академиялық саясатын қалыптастыру. 2. Институттың материалдық-техникалық базасын дамыту. 3. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету. 4. Педагогтерді даярлау арттыру және қайта даярлау деңгейін артыруды қамтамасыз ету. 5. ЖОО-ның кадрлық әлеуетін нығайту. 6. Материалдық-техникалық базаны дайындау. 7. Ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру. 8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау үшін жағдайлар жасау. 9. Студент жастарды бейімдеу және әлеуметтік қолдау. 10. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. 11. Студент жастардың шығармашылық әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасау. 12. Студенттердің бойында деструктивті діни

	идеологияға иммунитетті тәрбиелеу 13. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу.
Іске асыру мерзімі	2018 – 2022 жылдар
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Институттың Даму стратегиясын іске асыруға институттың 213500 мың теңге көлеміндегі жеке қаражаты бағытталатын болады: 2018 – 36300 мың теңге 2019 – 39400 мың теңге 2020 – 42300 мың теңге 2021 – 46500 мың теңге 2022 – 49000 мың теңге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат.

II. Жоғары оқу орнының ағымдағы жай-күйінің талдауы

Еуразия гуманитарлық институты – Нұр-Сұлтан қаласындағы тұңғыш мемлекеттік емес жоғары оқу орны, ол 1995 жылы құрылды. ЖОО 1998, 2004, 2009 және 2015 жылдары мемлекеттік аттестаттаудан, 2016 жылы институт институционалдық және 2016, 2017 жылдары мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және сапалы білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз қазақстандық агенттіктің жүргізген ҚР Бас рейтингі мәліметтері бойынша Еуразия гуманитарлық институты Қазақстанның 60 жетекші жоғары оқу орнының қатарына енеді және гуманитарлық-экономикалық ЖОО-лар арасында алтыншы орын алады.

ЕАГИ-де оқыту күндізгі оқу нысаны және қашықтықтан білім беру технологиясы қолданылатын күндізгі оқу нысаны, сырттай оқу нысандарында мынадай білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі; Педагогика және психология; Тарих; Қазақ тілі мен әдебиеті; Шетел тілі: екі шетел тілі; Аударма ісі; Құқықтану; Қаржы.

Институттың құрылымына ректорат, кадрлар бөлімі, бухгалтерия, деканат, академиялық мәселелер және аккредиттеу жөніндегі департамент, білім беру сапасы мониторингі бөлімі, қашықтықтан білім беру технологиялары орталығы, 5 кафедра, кітапхана, тіркеу бөлімі, ғылыми-проблемалық зертхана, ғылыми-редакциялық бөлім, жастар ісі жөніндегі комитет, әкімшілік-шаруашылық бөлім, студенттер бөлімі, медпункт, асхана кіреді.

Қазіргі уақытта институтта 134 жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде 7 ғылым докторы мен профессорлар, 4 PhD, 49 ғылым кандидаты, доценттер, 50 магистр; АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Түркия және Ресейде тағылымдамадан өткен оқытушылар; Қазақстан Республикасының Президент әкімшілігінде, Парламентте, Конституциялық кеңесте, Әділет және

Ішкі істер министрліктерінде, Қаржы министрлігінде жұмыс істейтін басқарушы мамандар.

Институттың миссиясы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері материалдық және қаржылай ресурстар, кадрлар және зияткерлік әлеует, сонымен қатар, оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау негізінде қалыптасқан.

Миссияны, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін институтта ПОҚ-тың, әкімшілік-басқару қызметкерлері мен білім алушылардың қажеттіліктерін толық мөлшерде қамтамасыз ететін материалдық және кітапхана қорлары бар.

Институттың 2012-2017 жылдарға арналған даму стратегиясы жүзеге асырылды. Институттың алға қойылған мақсаттарға жету жөніндегі барлық стратегиялық жоспарларды орындаудың өзара байланысы байқалады.

Еуразия гуманитарлық институты өте жоғары инновациялық әлеуетке ие. Қазіргі уақытта институт ғалымдары ғылымның түрлі саласы бойынша жобаларды жүзеге асырады:

- Қазақстандағы (XX-XXI ғғ.) тарихи-мәдени үдерістер;
- дүниежүзі тарихы аясында Қазақстандағы тарих ғылымы және тарихнаманың инновациялық даму мәселелері;
- мұғалімдерді кәсіптік даярлаудағы ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және педагогикалық технологиялар;
- Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі қаржы-несие саясаты: теориясы, әдіснамасы, іске асыру жолдары;
- Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытудың тиімді жолдарын қалыптастыру;
- кешенді тәсілдің теориялық-әдіснамалық негіздері: шетел тілдерін оқыту, лингводидактика мен аударматану;
- Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы мен халықаралық құқық нормалары арақатынасы мәселесі;
- қазақ және орыс филологиясының өзекті мәселелері: теориясы, практикасы, интеграциясы және келешегі.

ЕАГИ-де педагогика кафедрасының жанында 2002 жылдан бері ғылыми-проблемалық зертхана жұмыс істейді (жетекшісі – п.ғ.д. Сәрсекеев Б.С.), оның негізгі міндеті мұғалімдерді кәсіби даярлауда ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мен педагогикалық технологиялардың әдіснамалық, әдістемелік және мазмұнды негіздерін әзірлеуден құралады. Ғылыми-проблемалық зертхана әрекетінің негізгі бағыттары мұғалім қызметінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне даярлау және мектеп оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) әзірлеу. Ғылыми-проблемалық зертханамен есепті кезеңнің өзінде ғана 2 оқулық, 4 әдістемелік құрал және Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беретін орта мектептерінде пайдаланылуға міндетті деп ҚР БҒМ ұсынған 8 оқу құралы шықты.

Бұдан басқа, зертханамен тарихшы студенттерге арналған оқу құралы әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілді. Педагогика кафедрасы жанындағы жалпы

және арнайы психологияның ғылыми-зерттеу зертханасы 2010 жылдан бастап жұмыс істейді, оның қызметін жүзеге асыру келесі негізгі бағыттар бойынша іске асырылады: «Діни-саяси экстремизм, лаңкестіктің психологиялық табиғаты», «Дамуы бұзылған жетім балаларды, балалар мен ересектерді психологиялық қолдаудың өзекті мәселелері».

Құқықтық пәндер кафедрасы көп қызметті оқу-зертханалық криминалистік кешенге ие. Осы зертханалық кешен негізінде қылмыстық іс жүргізу және тактикалық-криминалистік сипаттағы негізгі заңдылықтарды айқындаумен байланысты, криминалистік полигон базасында тергеу әрекеттерін өзіндік модельдеу жолымен жекелеген әрекеттерді ұйымдастыру және өткізу арқылы зерттеулер жүргізіледі.

Шетел тілдері кафедрасында шетел тілдерін оқыту әдістемесі, білім беру, тілін үйреніп жатқан елдердің саяси құрылымы тақырыптары бойынша шетел тілінен, қазіргі шетел тілі әдебиетінен, теориялық грамматика, ағылшын тілі лексикологиясынан практикалық сабақтар бойынша студенттердің ғылыми жобаларды орындауға арналған оқу-зерттеу зертханасы толыққанды жұмыс істейді, студенттердің орындалған жобалар бойынша таныстырылымдары бар.

Еуразия гуманитарлық институтында «Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы» және Қазақ білім беру академиясының ҚР-дың ғалымдары мен педагогтерінің қоғамдық бірлестігінің «Қазақ білім академиясының баяндамалары» атты ғылыми журналдар шығып тұрады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Коллегиясының шешімімен екі журнал диссертациялардың негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енді. Журналдарда халықаралық стандартты сериялық нөмір бар. Институт кітапханасының ғылыми әдебиет қоры үнемі толықтырылып отырады, «Elsevier, ScienceDirect, Scopus», «Springer», «Clarivate Analytics» сынды жетекші провайдерлердің деректер базасына қолжетімділік кеңейтілуде.

ПОҚ пен студенттерді ғылыми-зерттеушілік қызметке белсенді қатысуға тарту үшін институт ғылыми-зерттеу жұмысы саласындағы ЖОО саясаты туралы ақпаратты уақытында ұсынып отырады. Барлық кафедраларда ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтар құрылып, белсенді жұмыс істейді, оларға белгілі ғалымдар, тәжірибелі оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер жетекшілік етеді. Еуразия гуманитарлық институтында оқытушылар мен студенттерді белсенді зерттеу жұмысына ынталандыру және уәждеу жүйесі жасалған. Институттың ғылыми жұмысының сапасын арттыру мақсатында ПОҚ-ты ҚР БҒМ мен ҚР ЖОО-лары Қауымдастығының төс белгілері, медальдарымен, грамоталарымен марапаттау түрінде ПОҚ пен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын материалдық және материалдық емес көтермелеу және ынталандыру шаралары қарастырылған.

Институт әртүрлі ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тиімді көмек көрсетеді, кеңес беру және көмек көрсету жұмыстарын жүргізеді, ғылыми конференцияларға баруға немесе ғылыми зерттеулерді жүргізуге байланысты жол шығындарын төлейді.

Институттың қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жабдықталған өз оқу ғимараты; Бурабай кентінде демалыс орны, спорт кешені, жаттығу залы, кітапханасы, студенттер кафесі мен жатақханасы бар. Институтта студенттерге медициналық қызмет көрсету және тамақтандырумен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Институт жұмыс істеген жылдарында Нұр-Сұлтан қаласы мен Республикадағы білім беру кеңістігінде өз орнын алды, жоғары білімді одан әрі жаңғырту жөніндегі күрделі міндеттерді шешуге қабілетті, жоғары білікті және ойы бір арнаға тоғысқан ұжым қалыптасты.

ЖОО Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде (БСҚА) институционалдық аккредиттеуден өтті. 8 білім беру бағдарламасы аккредиттелді:

5B010200 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

5B010300 – «Педагогика және психология»

5B011400 – «Тарих»

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»

5B011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі»

5B020700 – «Аударма ісі»

5B030100 – «Құқықтану»

5B050900 – «Қаржы».

III. ЖОО миссиясы – қазіргі кәсіби қызмет жағдайында бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлау.

IV. Стратегиялық болжам:

Еуразия гуманитарлық институты – астананың зияткерлік және білім беру орталығы, қоғам мен мемлекеттің еңбек нарығы талап ететін кәсіби құзыреттерді, инновациялық тәсілдер мен зерттеу дағдыларын меңгерген жоғары білікті кадрлар дайындауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын жетекші ЖОО-лардың бірі.

ЕАГИ-дің 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы білім беру мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, адам капиталын дамытуға, білім беру мен ғылымның үдемелі әртараптандыруға және елдің экономикасын тұрақты дамытуға нақты үлесін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, инновациялық үрдістер және білім беру жүйесін дамытудың жаңа басымдықтарымен айқындалады.

ЕАГИ-дің даму стратегиясын әзірлеу үшін келесі негізге алынатын стратегиялық құжаттар негіз болды: Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы; «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» ұлт жоспары; Қазақстан Республикасының

«Білім туралы» заңы (04.07.2018ж. №171-VI жағдай бойынша өзгертулерімен және толықтыруларымен); Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы; Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 04.07.2018ж. № 171-VI ҚРЗ; Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» заңы; Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары; Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасында Білім мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы; мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»; Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру»; Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы - «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі».

ЕАГИ-дің стратегиясы ҚР-дың білім беру саласындағы мемлекеттік саясатына сәйкес, оқу үдерісін жаңғырту негізінде басты мақсатқа жетуге - білім беру нарығында ЖОО-лар арасында бәсекеге түсе алатындай білім беру бағдарламаларының мазмұны мен білім сапасы деңгейіне көтерілуге есептелген.

Еуразия гуманитарлық институтының миссиясы мынадай міндеттерді іске асырудан тұрады:

- Білімдік – Қазақстандағы ішкі сұраныстарды ескере отырып, білім беруді дамытудың қазіргі әлемдік үрдістеріне бағдарланған классикалық білім беруді сақтау және дамыту. Осы мақсаттарға жету үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуде еңбек нарығымен өзара байланысты тереңдету, түлектердің кәсіптік және адами құзыреттілігін арттыру, мазмұнды, әдістемелерді және тиісті оқу ортасын үнемі жаңартып отыру міндетті элементтер болып табылады.
- Мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы ғылыми-әдістемелік және

педагогикалық технологиялар; Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының және халықаралық-құқықтық нормалардың өзара байланысының мәселелері; мемлекеттің тұрақты қаржы саясатын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанның экономикасын жаңғырту; шетел тілдерін оқытудағы жалпы білім беру үрдісінің әдіснамалық негіздері; лингвистика және әдебиеттанудың қазіргі мәселелері; қазіргі кезеңдегі тарих пен мәдениеттің өзекті мәселелері.

- Мәдени – әлеуметтік ортаның өзгеруіне ықпал ету, белгілі бір рухани ахуал тудыру, мәселелерді зиялылықпен әрі сындарлылықпен шешуге, өмір сүру үлгілеріне, адам өмірінің барлық кезеңіндегі материалдық және рухани компоненттердің үйлесімі қажеттілігіне шығармашылықпен қарауға баулу.
- Инновациялық – мамандар даярлаудағы иннова-циялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, сапалы классикалық білім беру, білім алушылардың креативті ойлауын дамыту.
- Кәсіпкерлік – әлеуметтік-бағдарлық кәсіпкерлік белсенділікті дамыту, бизнеспен өзара іс-қимыл жасау, оларды институттың әлеуметтік бағдарла-маларына қалыптасқан құндылықтар мен дәстүрлерді сақтай отырып тарту.

Көрсетілген міндеттерді іске асыру ЕАГИ-ге тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететіндей орта жасауға мүмкіндік береді. ЕАГИ ұжымы мүшелерінің бәрі іс жүзінде ЖОО-да оқытудың мазмұны, құрылымы, әдістері, білім сапасын тиімді басқару, білім беру қызметін тұтынушыларға бағдарлау және тәрбие үдерісі педагогика, экономика және әлеуметтік ғылымдар саласындағы жетекші ЖОО-ның шегіне жетуге және нығаюға жағдай жасайтындай үдеріске жұмылдырылған.

ЖОО қызметінің стратегиялық бағыты

- халық шаруашылығының түрлі салалары үшін, соның ішінде инновациялық сала үшін мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау;
- ЕАГИ колледжінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлау;
- институттың академиялық саясатын жетілдіру, түлектің бойында негізгі және кәсіби құзыреттіліктің өзекті қырларын тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін жаңа буын білім беру бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу;
- білім беру, ғылыми және инновациялық қызметті интеграциялау (түрлі ғылымның пәндік мазмұны мен әдістері және интеграциялау үдерісіне қосылған әрбір жеке ғылымның неғұрлым күрделі теориялық және практикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін пәндердің синтезі, сондай-ақ ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерциализациялау);
- институттың білім беру сапасының әлемдік стандарттарына өтуі;

- тәрбие үдерісін жаңғырту және жүйелі түрде жетілдіріп отыру; жастарды Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту үшін жағдай жасау;
- материалдық-техникалық базаны дамыту және қорлармен қамтамасыз ету.

V. ЕАГИ-ді дамыту стратегиясының мақсатты индикаторлары

Мақсат 1: Оқу үдерісін жаңғырту негізінде білім беру мазмұны мен білім сапасының халықаралық деңгейіне көтерілу; институттың әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциясы.

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2018	2019	2020	2021	2022
1.1 Білім беру бағдарламалары мен оқу үдерісінің мазмұнын Болон процесінің параметрлеріне сәйкес жетілдіру	+	+	+	+	+
1.2 Студентті ортақтандырып оқытуды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
1.3 Білім алушылардың контингентін және оның оңтайлы құрылымын қалыптастыру, түлектердің сапалық сипатын көтеру	+	+	+	+	+
1.4 Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету (студенттер/оқытушылар саны)	10/3	11/4	12/4	14/5	15/5
1.5 Білім беру үдерісі сапасын басқаруды жетілдіру	+	+	+	+	+
Міндет 1.1 Білім беру бағдарламасы мен оқу үдерісі мазмұнын Болон үдерісі параметрлеріне сәйкестендіру					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
1.1.1 Студентті ортақтандырып оқытудың негізге алатын принциптерді енгізу	+	+	+	+	+

1.1.2 Дуальді оқыту элементтерін енгізу	+	+	+	+	+
1.1.3 Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялырын қолданып ұйымдастыру		+	+	+	+
1.1.4 Бакалавриат мамандықтарына шетел тілін тереңдетіп оқытуды жалғастыру (шетел тілі тереңдетіліп оқытылатын мамандықтар саны)	2	2	2	2	3
1.1.5 Үш тілді оқыту аясында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу пәндерінің үлесі:					
- ағылшын тілінде;	6	8	9	10	11
- қазақ (орыс) тілінде, %	10	12	14	15	16
1.1.6 Жұмыс берушілерді, түлектер мен студенттерді білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға тарту	+	+	+	+	+
1.1.7 Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілер, түлектер мен студенттердің ұсыныстарын ескере отырып, жаңартылған элективті пәндермен қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
1.1.8 Мектептер, лицейлер, колледждерді кәсіптік бағдар беру іс-шараларымен қамту үлесі, %, кем емес	40	50	50	50	50
1.1.9 Беделді іс-шаралар өткізу: БАҚ-тағы жарияланымдар, теледидар мен радиода сөз сөйлеу; бейне- және теледидарлық роликтер, кем емес	5	5	5	5	5
1.1.10 Жұмыс берушілердің қауымдастығымен түлектердің біліктілігін	+	+	+	+	+

бағалау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау					
1.1.11 Кейіннен жұмысқа шақыратындай етіп практикадан өту шарттарын жасасу (келісімшарт саны)	7	9	10	13	15
1.1.12 Бос жұмыс орындарының жәрмең-кесін және түлектерді жұмыспен қамтуға ықпал етерлік басқа да іс-шараларға қатысу, ұйымдастыру және өткізу (жылына өтетін іс-шаралардың саны)	2	3	3	3	3
1.1.13 Түлектерді жұмысқа орналастыру, кем емес (%)	75	75	75	75	75
1.1.14 Студенттерді магистратурада оқуын жалғастыру үшін тарту	+	+	+	+	+
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Нұр-Сұлтан мен Ақмола облысы еңбек нарығындағы ЕАГИ-де дайындық жүргізілетін (жылына бір реттен кем емес) басталуы мүмкін бакалавриат мамандықтары бойынша түлектерге сұранысқа мониторинг жүргізу	+	+	+	+	+
Француз альянсымен, Гете институтымен және басқа да халықаралық мекемелермен және ұйымдармен студенттерге шет тілдерін оқыту ісінде зерттеу және инновацияларды пайдалану мақсатында ынтымақтастықты кеңейту	+	+	+	+	+
Басқа да ЖОО-лардың кәсіптік бағдар беру, білім беру бағдарламаларын әзірлеуде және түлектерді жұмысқа орналастыру кезіндегі жұмыс	+	+	+	+	+

берушілермен ынтымақтастық бойынша инновациялық тәжірибесін тұрақты зерделеу					
Бірінші курсқа жиналыс өткізу, оларды Болон процесіне сәйкес оқу қағидалары параметрлерімен таныстыру	+	+	+	+	+
Бірінші курс студенттеріне Болон процесінің параметрлеріне сәйкес оқыту ережелерімен таныстыру арқылы тұсаукесер аптасын өткізу	+	+	+	+	+
Институттың Түлектер қауымдастығының мүшелерін қатысуға тарта отырып, Ашық есік күнін өткізу	+	+	+	+	+
Кафедра филиалдарының базасында қосарлы білім беру элементтерін енгізу	+	+	+	+	+
Магистрлік даярлық жүргізетін шетелдік және отандық ЖОО-лармен ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасасу	+	+	+	+	+
Сайттағы магистратурада оқу туралы ақпарат	+	+	+	+	+
ЕАГИ-дің Түлектер қауымдастығының мүшелерімен және магистратура және PhD түлектерімен кездесулер өткізу	+	+	+	+	+
Міндет 1.2. Институттың материалдық-техникалық базасын дамыту					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
1.2.1 Келтірілген контингенттің бір студентке есептегендегі пайдалы оқу алаңы, ш.м.	6,2	6,2	6,2	6,2	6,2
1.2.2 Білім алушылардың республикалық ЖОО аралық электронды	+	+	+	+	+

кітапхананың деректер базасына, Web of Knowledge және Springer платформасында орналасқан Clarivate Analytics; ScienceDirect және Scopus платформасында орналасқан Elsevier халықаралық базаларына қолжетімдігін қамтамасыз ету					
1.2.3 Баспа басылымдарының форматы бойынша мамандықтың жұмыс оқу жоспарының негізгі және бейіндік пәндерін оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету, %	100	100	100	100	100
1.2.4 Кітапхананың кітап қорын толықтыруға бөлінетін қаржылай ресурстың көлемі, соның ішінде жаңартылған білім беру мазмұнына арналған оқу әдебиеттеріне, мың теңге	8000	8500	8700	9000	9500
1.2.5 Ең жаңа мультимедиялық техникалар, компьютерлік сыныптар, зертханалық құрал-жабдықтар алу (жаңартуға жұмсалатын қаражат, мың теңге)	8500	8500	9000	10000	12000
1.2.6 Бурабай кентіндегі қазіргі демалыс орнының қызмет етуі (демалатын студент-тер мен ПОҚ саны)	250	270	300	320	350
1.2.7 Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету, орын саны	94	94	94	94	94
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Оқу ғимараттарын жыл сайынғы бүтіндеме	+	+	+	+	+

жөндеуден өткізу					
Институт аумағын аббаттандыру және көгалдандыру, институттың оқу ғимараттары мен аумағын тазалау бойынша сенбіліктер өткізу	+	+	+	+	+
Бурабай кентіндегі демалыс орнын жыл сайынғы бүтіндеме жөндеуден өткізу, жиһазы мен мүлігін ішінара жаңарту	+	+	+	+	+
Оқу ғимараттары мен жатақхананы қысқы жылыту маусымына дайындау шараларын іске асыру	+	+	+	+	+
Міндет 1.3 Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
1.3.1 МЖБС-пен, пәндердің типтік оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету, %	100	100	100	100	100
1.3.2 Оқу-әдістемелік кешендермен, электронды оқу-әдістемелік кешендермен, міндетті және элективті пәндер бойынша силлабустар-мен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, %	100	100	100	100	100
1.3.3 ЖОО-дағы кәсіптік даярлаудың барлық деңгейінде инструментальды құзыретті қалыптастыруды қамтамасыз ететін сапалы жаңа буын әдістемелік материалдарды, оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау және шығару, б.т., кем емес	390	400	410	420	430
1.3.4 Жыл сайын кітапхана қорын жаңартып отыру (бар қорды ескере отырып, %)	3-5	3-5	3-5	3-5	3-5

1.3.5 Жалпы түсілімнің санынан мемлекеттік тілдегі басылымдардың үлесі, %	50	55	55	60	60
1.3.6 Жалпы түсілімнің санынан ағылшын тіліндегі басылымдардың үлесі, %	15	18	22	24	25
1.3.7 Студенттердің ұсынылған ақпараттық және кітапхана қорларына қанағаттануы, %	100	100	100	100	100
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Кафедралардың оқу-әдістемелік құжаттамаларының жаңа оқу жылына даярлығына мониторинг жүргізу	+	+	+	+	+
Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және бекіту туралы ЖОО-лық ережеге сәйкес келуі	+	+	+	+	+
Оқырман залдарында кітап көрмелерін безендіру, стенділерге хабарландырулар орналастыру, институт сайты және «Жас ұрпақ» газеті арқылы кітапханаға оқу-әдістемелік әдебиеттердің келіп түскендігі туралы ПОҚ-ты ұдайы ақпараттандыру	+	+	+	+	+

Мақсат 2. Кадрлық әлеует пен институт қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жүйесін дамыту

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2018	2019	2020	2021	2022
2.1 Отандық және шетелдік ЖОО-лармен ынтымақтасу, оларда ПОҚ-ты біліктілікті көтеру курстары мен тағылымдамадан өткізу	+	+	+	+	+

2.2 Профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби біліктілігін кем дегенде 5 жылда 1 рет көтеріп отыру, (саны, адам)	50	50	55	60	60
2.3 Ғылыми және академиялық дәрежелері бар оқытушылардың үлесі, %, кем емес	50	50	50	50	50
Міндет 2.1 Педагогтерді даярлау және қайта даярлау деңгейін қамтамасыз ету					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
2.1.1 Еліміздің ішінде біліктілікті көтеруден және қайта даярлаудан өткен ЖОО ПОҚ-ының үлесі – %	47	47	51	56	55
2.1.2 Шетелде біліктілікті көтеруден және қайта даярлаудан өткен ЖОО ПОҚ-ының үлесі, %	3	3	4	4	5
2.1.3 Пәндерді оқытуда және ғылыми зерттеулерде шетел тілін пайдаланатын ЖОО ПОҚ-ының үлесі, %, кем емес	25	25	30	30	30
2.1.4 Пәндерді оқытуда және ғылыми зерттеулерде мемлекеттік тілді пайдаланатын ЖОО ПОҚ-ының үлесі, %, кем емес	80	80	80	80	80
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Оқытушылардың білімін толықтыру және оларда қазіргі заманғы менеджмент, студентті ортақтандырып оқыту және критериалды бағалау дағдыларын қалыптастыру үшін институт ПОҚ-ының тұрақты жұмыс істейтін әдістемелік семинарының жұмысын жетілдіру	+	+	+	+	+
ПОҚ-тың мақсатты даярлайтын докторантурада оқуы	1	1	1	2	2

Міндет 2.2 ЖОО-ның кадрлық әлеуетін нығайту					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
2.2.1 Конкурстық іріктеу негізінде ПОҚ-тың штаттық құрамын қалыптастыру	+	+	+	+	+
2.2.2 ӘБП-тің кадрлық қорын қалыптастыру	+	+	+	+	+
2.2.3 Жұмыстың сапасы мен көлеміне барабар еңбек еңбекақысы деңгейін қамтамасыз ету (<i>мың теңге</i>):					
- ғылыми-педагогикалық қызметкерлер, кем емес	110	115,0	120,0	125,0	130,0
- қызмет көрсетуші, көмекші және әкімшілік персонал	95,0	95,0	98,0	100,0	105,0
2.2.4 Институт ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын дамыту (<i>саны, адам</i>)	3	4	4	5	5
2.2.5 Дәрістерді оқу үшін жыл сайын тартылатын шетелдік оқытушылар мен кеңес берушілердің саны (<i>саны, адам</i>)	2	2	2	2	2
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Шетел тілдерінде тілдік емес мамандықтарға арналған бейіндік және базалық пәндер бойынша сабақ жүргізетін немесе бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде оқитын топтарды оқытатын оқытушыларды ынталандыру	+	+	+	+	+
«Үздік жас оқытушы» және «Үздік жыл кураторы» атағына жалпы ЖОО-лық конкурстар өткізу	+	+	+	+	+
Жалақыны арттыру және шетелдік ғалымдарды тарту үшін қаржы ресурстарын бөлу	+	+	+	+	+

Мақсат 3. Институттың барлық қызмет сала-сында ақпараттық-коммуникативтік технологияны дамыту

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2018	2019	2020	2021	2022
3.1 Платонус АБЖ-ны электронды іс жүргізу жүйесін пайдалану	+	+	+	+	+
Құжат айналымының электронды жүйесін енгізу		+	+	+	+
Прокторинг пен вебинарларды оқу процесіне енгізу		+	+	+	+
Міндет 3.1 Материалдық-техникалық базаны даярлау					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
3.1.1 Оқу-әдістемелік ақпараты бар жалпы қолжетімді ресурсты енгізу және пайдалану (студенттердің жойылған қолжетімі)	+	+	+	+	+
3.1.2 ЖОО-ның ақпараттық-байланыстық жүйесін басқару жөнінде мамандандырылған құрылымдық бөлімше құру және оның әрі қарай жұмыс істеуі (құрылу жылы)	+	+	+	+	+
3.1.3 Оқытудың мультимедиялық құралдарымен жабдықталған оқу дәрісханаларының саны	13	14	15	16	17
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Құрылымдық бөлімшелердің рөлі мен орнын реттейтін негізгі құжаттарды орналастыру арқылы ЖОО сайты үнемі жаңарту	+	+	+	+	+
ЖОО-дағы компьютерлік құралдар мен технологиялар паркін кезең-кезеңмен кеңейту және ПСС оқуын	+	+	+	+	+

және оқу-көмекші персоналдың оларды меңгеруін ұйымдастыру					
Онлайн-семинар, вебинар, бейне-конференциялар мен онлайн-тестілеу жүйесін кеңейту	+	+	+	+	+
Электронды оқыту элементтерін енгізу бойынша оқу семинарлары мен тренингтерді өткізу	+	+	+	+	+
Компьютерлік парк пен оқытудың мультимедиялық құралдарын толықтыру үшін қаржылай қорды бөлу	+	+	+	+	+

Мақсат 4. Ғылыми зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен нәтижелілігін арттыру, ғылыми зерттеулерді коммерциализациялау

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2018	2019	2020	2021	2022
4.1 Институт ПОҚ-ының іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы (келісімшарт саны)	2	2	2	2	2
4.2 ПОҚ-ты институттың ғылыми-зерттеу жұмысына тарту (ПОҚ-тың ЖОО-дағы ҒЗЖ-ға қатысу үлесі,%)	50	50	55	60	60
4.3 Институтта білім алушыларды ғылыми және инновациялық жұмыстарға тұрақты тартып отыру (ғылыми үйірме, қоғам, клуб саны)	7	8	8	9	10
Міндет 4.1 Ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
4.1.1 ПОҚ және қызметкерлердің	25	27	28	30	30

монографияларын, оқулықтары мен оқу- әдістемелік құралдарын шығаруы (саны)					
4.1.2 ПОҚ және қызметкерлердің түрлі ғылыми басылымдар мен конференция материалдарында (республикалық және халықаралық) жарияланымдарын шығаруы (саны)	100	115	130	145	160
4.1.3 Clarivate Analytics, Elsevier, РИНЦ және т.б. рейтингілік басылымдарда нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны	8	10	11	13	15
4.1.4 Бір штаттық ПОҚ ҒЗЖ-сын қаржыландыру көлемі, мың теңге, кем емес	106	110	112	115	120
4.1.5 Институтта ғылыми және ғылыми-әдістемелік іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік класстар) ұйымдастыру (саны)	5	7	7	10	10
4.1.6 Студенттердің ғылыми үйірмелері мен қоғамдастықтарының болуы және олардың жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету	5	5	5	5	7
4.1.7 Студенттерді ғылыми- зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуын қамтамасыз ету және олардың ғылыми зерттеулерге тартылу деңгейін көтеру, %	25	30	35	35	40
4.1.8 ЕАГИ студенттерінің мақалаларын жариялау	30	40	45	47	50

<i>(мақалалар немесе тезистердің саны)</i>					
4.1.9 ЕАГИ студенттерінің олимпиадаларға, республикалық ғылыми жұмыстардың конкурстарына қатысуы	+	+	+	+	+
4.1.10 Республикалық және халықаралық ғылыми конференциялардың, олимпиадалардың, конкурстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңім-паз студенттерінің саны	7	8	8	9	10
Міндет 4.2 Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау үшін жағдай жасау					
4.2.1. Ғылыми-зерттеу жобаларының жалпы санынан коммерциализацияланған жобалар үлесі, %			5	7	10
4.2.2. Авторлық құқық туралы алынған патенттер мен куәліктер саны	1	2	8	10	15
4.2.3. Іске асырылған стартаптар саны				1	1
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
ҚР БҒМ-ның ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурсына конкурсты жариялау шамасына қарай кафедралардың қатысуын қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
Жас ғалымдар кеңесінің қызметі	+	+	+	+	+
Әлемдік жетекші провайдерлерінің ақпараттық қызметтері, Clarivate Analytics және Elsevier компанияларының журналдары мен кітаптары	+	+	+	+	+

жөніндегі деректер базасымен жұмыс бойынша ПОҚ үшін оқыту семинарларын өткізу					
Студенттік ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтар қызметін белсендіру	+	+	+	+	+
Нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми мақалаларды жариялауды ынталандыру, соның ішінде шығынның бір бөлігін төлеу	+	+	+	+	+
Ғылыми қызмет нәтижелерін коммерциализациялау, зияткерлік меншікті тіркеу және қорғау мәселелері бойынша ПОҚ-тың семинарлар мен конференцияларға қатысуын қамтамасыз ету	+	+	+	+	+
Ғылыми жобаларды іске асыру үшін зерттеушілердің ЖОО зертханаларының жабдықтарын пайдалануын қамтамасыз ету	+	+	+	+	+

Мақсат 5. Тәрбие ісін жаңғырту және жүйелі жетілдіру

Мақсатты индикаторлар	Жоспарлы кезеңде (жылдар бойынша)				
	2018	2019	2020	2021	2022
5.1 «Мәңгілік ел» идеясын насихаттауға, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауларындағы міндеттерді орындауға бағытталған іс-шараларды өткізу (семинарлар, тренингтер, дөңгелек	+	+	+	+	+

үстелдер, акциялар, кездесулер және т.б.)					
5.2 Студенттердің шығармашылық әлеуетін іске асыруы үшін материалдық базаның болуы	+	+	+	+	+
5.3 Студенттер арасында жыл сайын өзекті мәселелер жөнінде сауалнама жүргізу	+	+	+	+	+
5.4 Қоғамдық пайдалы қызметке тартылған студенттердің саны (волонтерлер қозғалысы, қала аумағын тазарту, ардагерлерге көмек көрсету және т.б.)	250	300	350	380	400
5.5 ЖОО-да уәкілетті мемлекеттік органдарды және жастар ұйымдарын тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	+	+	+	+	+
5.6 Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық шығармашылық конкурстарға, байқауларға, интеллектуалдық ойындарға, спорт жарыстары мен турнирлерге қатысатын студенттердің саны	50	60	70	75	80
5.7 Дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін материалдық базаның болуы	+	+	+	+	+
5.8 Жастар ісі жөніндегі комитет өткізетін іс-шаралар (саны)	10	15	20	20	25
5.9 Студенттердің қоғамдық бірлестіктері-нің санын көбейту	15	17	20	23	25
5.10 Әлеуметтік әріптестік, сектораралық және	5	7	8	8	9

ведомство аралық ынтымақтастық шеңберінде өткізілетін іс-шаралар (саны)					
5.11 Мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандум жасасу	+	+	+	+	+
5.12 Болашақ кәсіби қызметін танытатын іс-шаралар өткізу	+	+	+	+	+
Міндет 5.1 Студент жастарды бейімдеу және әлеуметтік қолдау					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
5.1.1 Студенттердің әлсіз санаттарына әлеуметтік көмек: оқу ақысына жеңілдік және т.б. (мың теңге)	4200	4500	4700	4900	5000
5.1.2 «Волонтерлерді даярлау орталығында» үйрету бағдарламаларын іске асыру	+	+	+	+	+
5.1.3 «Психологиялық орталық», психологиялық кеңес беру кабинеті, психология кабинеті қызметі шеңберінде психологиялық қолдау бағдарламасын іске асыру	+	+	+	+	+
5.1.4 «Инклюзивті білім беруді қолдау жөніндегі психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету» қызметі	+	+	+	+	+
5.1.5 «Асыл жүрек» студенттік клубы жұмысына студент жастардың бейімделуі және өзін-өзі танытуы	+	+	+	+	+
5.1.6. 1-курс студенттерін жаңа өмір жағдайына бейімдеу бағдарламасын іске асыру	+	+	+	+	+

5.1.7 «Теңбе-тең» бағдарламасы бойынша студент жастарға тренингтер өткізу (саны)	20	22	25	28	30
Міндет 5.2 Салауатты өмір салтын қалыптастыру					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
5.2.1 Спорт үйірмелері мен секцияларының болуы	5	5	5	5	7
5.2.2 Спорт секцияларымен, жалпы сауықтырушы шаралармен қамтылған студенттер үлесі, %	40	45	50	50	55
5.2.3 Студенттердің ЖОО аралық жарыстарға, қалалық және республикалық спартакиадаларға қатысуы	+	+	+	+	+
5.2.4 Студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасын іске асыру	+	+	+	+	+
5.2.5 Жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бағдарламасын іске асыру	+	+	+	+	+
5.2.6 «Теңбе-тең» бағдарламасын іске асыру	+	+	+	+	+
Міндет 5.3 Студент жастардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
5.3.1 Студенттердің жастардың түрлі халықаралық, республикалық, аймақтық немесе ЖОО аралық шығармашылық конкурстарға қатысуы	+	+	+	+	+
5.3.2 Институтта жастар бастамашылығын дамытуға бағытталған студенттік шығармашылық бірлестіктердің болуы	+	+	+	+	+
5.3.3 Студенттер контингентін шығармашылық бағыттағы іс-шаралармен қамту, %	60	65	70	75	75

5.3.4 Студенттік қоғамдық бірлестіктердің қызметімен айналысатын студенттердің саны	70	80	85	90	100
Міндет 5.4 Студенттерді деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитетке тәрбиелеу					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
5.4.1 Студенттердің теологтермен, философтармен, конфессия өкілдерімен бірге өткізілетін конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинар-тренингтер, фокус-топтар жұмыстарына қатысуы	+	+	+	+	+
5.4.2 Студенттер арасында толеранттылық пен діншілдікті анықтау бойынша әлеуметтік сауалнамалар жүргізу	+	+	+	+	+
5.4.3 ҚР аумағындағы деструктивті діни ұйымдардың қызметін түсіндіру жөніндегі тәрбие жұмыстарының қарқынын арттыру	+	+	+	+	+
Міндет 5.5 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу					
<i>Нақты нәтиже көрсеткіштері</i>					
5.5.1 1998 ж. 2 шілдедегі № 267-1 ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңының (өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізгі ережелерін түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру	+	+	+	+	+
5.5.2 «Нұр Отан» партиясының 2014 жылғы 11 қарашада бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасын зерделеу	+	+	+	+	+
5.5.3 ЕАГИ мен Қазақстан Республикасының	+	+	+	+	+

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті арасында қол қойылған Хартия шеңберінде іс-шараларды өткізу					
5.5.4 Академиялық адалдық кодексін енгізу	+	+	+	+	+
5.5.5 Студенттердің ҚР-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын түсіндіру бойынша дөңгелек үстелдерге, пікірталастарға, «Таза сессия» жастар акцияларына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптама жөніндегі флеш-мобтарға, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулерге қатысуы	+	+	+	+	+
5.5.6 Қоғамдық қабылдау, «Жедел байланыс» сенім телефоны, ұсыныс, ескертпе, тілектерге арналған жәшік жұмыстарын ұйымдастыру	+	+	+	+	+
Міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар					
Студенттер контингентін тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша іс-шаралармен қамтуды қамтамасыз ету, %	65	80	80	85	90
Студент жастардың патриоттық форумдарға, акцияларға, алуан түрлі патриоттық және азаматтық қызметке қатысуын қамтамасыз ету (%)	85	88	90	93	95
Студент жастардың еріктілер қозғалысына қатысуын кеңейту (%)	40	42	50	55	58

ЖОО стратегиясы бағыттары мен мақсаттарының аймақтық және мемлекеттік стратегиялық мақсаттарға сәйкес келуі

Еуразия гуманитарлық институты өзін педагогикалық, гуманитарлық және әлеуметтік салалар бойынша Нұр-Сұлтан қаласы мен Республика үшін қазіргі заманға лайық жоғары білікті мамандар даярлау міндеттерін шешуді міндет еткен жоғары оқу орны ретінде танытады. ЕАГИ жоғары білім беру, қайта даярлау және біліктілікті көтеру жүйесін дамыта отырып, жалпы және кәсіптік білім беру жүйесі үшін педагогикалық кадрларды даярлау мен қайта даярлауға, ең жаңа білім беру технологияларын орта жалпы білім беретін мектептерге апаруды, соның ішінде, кәсіптік қауымдастықтан ажырап қалған жағдайларда да (ауылдық жерлердегі шағын комплектілі мектептер және т.т.) қамтамасыз ететін өзгеше интерфрейс болуға қабілетті мұғалімдердің жаңа формациясын мазмұны жаңартылған орта білім беру жағдайында «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес қалыптастыруға ерекше көңіл бөлетін болады.

Институтта жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмысы, ең алдымен, пәнаралық салалардағы қазіргі заманғы жаңа мамандарды даярлауға бағытталған. Шығарылатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігі ЖОО-ның материалдық-техникалық базасы және персоналының дамуымен, озық білім беру технологияларын және маркетингтік бағдарлық жаңа білім беру бағдарламаларымен, ең алдымен, жұмыс берушілер және инвесторлардың сұраныстарымен қамтамасыз етілетін болады.

VI. Стратегия мақсаттарына жету жолдары

Қойылған мақсат пен міндеттерге күнделікті жұмыс барысында институттың Ғылыми кеңесі әзірлеп, бекіткен Кешенді бағдарламалар мен оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстардың жекелеген бағыттарының жоспарларын кезең-кезеңімен жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі.

ЖОО-ның даму стратегиясы үш кезенді құрады.

Бірінші кезең ректорат және құрылымдық бөлімше басшыларының қатысуымен институт қызметін стратегиялық жоспарлау мәселелері бойынша ақпараттық семинарлар циклін өткізуді білдірді, ЖОО қызметінің ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізіліп, жұмыстың стратегиялық бағыттары белгіленді.

Бағдарламаларды әзірлеу процесіне құрылымдық бөлімше басшылары, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Екінші кезеңде ЖОО-ның даму стратегиясы институттың барлық құрылымдық бөлімшелерінің талқылауына ұсынылды. Талқылау нәтижесінде Стратегия жобасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар қабылданды.

Үшінші кезең ұсыныстар мен ескертпелердің тал-дауын, мақсаттарға жету индикаторлары мен орындалу мерзімін нақтылауды, бағыттар бойынша мақсаттарды келісуді, 2018-2022 жылдарға дейінгі ЖОО-ның даму стратегиясын іске асырудың ұйымдастыру механизмдерін қалыптастыруды білдірді.

Ішкі мүмкіндіктер және ықтимал қауіп-қатерлер

Еуразия гуманитарлық институтының ЖОО-ның даму стратегиясын іске асыруға ықпал ететін функционалды мүмкіндіктері:

- ЖОО-ның динамикалық даму, қаржылық тұрақтылық жағдайы;
- жеткілікті деңгейлі материалдық-техникалық база;
- білім беру ресурстарын мониторингілеу мен басқарудың дамыған жүйесі;
- ПОҚ пен қызметкерлердің тұрақты кәсіби өсуінің жүйесі;
- ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің белгілі бір кадрлық әлеуетінің болуы;
- ЖОО-лармен, соның ішінде, шетелдік, қала және облыс кәсіпорындарымен және ұйымдарымен белсенді ынтымақтастық;
- ПОҚ-тың, қызметкерлер мен студенттердің академиялық ұтқырлығын іске асыру болып табылады.

ЖОО стратегиясын жүзеге асыру барысында мынадай факторлар туындауы және теріс ықпал етуі мүмкін:

- институт бакалаврлар даярлайтын педагогикалық мамандықтар беделінің төмендеуі (еңбекақы деңгейінің төмендігі және әлеуметтік пакеттің жоқтығы);
- білім алушылар контингентін қалыптастыру мәселелері бойынша бәсекелестіктің күрт өсуі (соның ішінде, қолайсыз демографиялық жағдаят нәтижесінде);
- экономикадағы құнсыздандудың күрт өсуіне және тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, студенттердің төлем қабілеттілігінің әлсіреуіне әкеп соқтыратын дағдарыстық және депрессиялық құбылыстар.

VII. ЖОО-ның даму стратегиясын іске асыру тетіктері және күтілетін нәтижелер

Стратегияны іске асыру ЖОО-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінің мына бағыттар бойынша үйлестірілген қызметін білдіреді:

- ЖОО-да жоғары білікті, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, өз мамандығын еркін меңгерген және байланысты қызмет саласына бағдарланған, әлемдік стандарттар деңгейінде мамандық бойынша тиімді жұмысқа қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге, әлеуметтік және кәсіптік бейімділікке; тиісті білім алуда жеке тұлғаның сұранысын қанағаттандыруға дайын мамандарды даярлауға бағдарланған білім беру ортасын одан әрі дамыту.
- Білім сапасын ЖОО ішілік қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыруға бағытталған, білім сапасын Ұлттық бағалау жүйесіндегі сыртқы бағалау

өлшемдерін есепке алатын білім менеджментін дамыту.

- ЖОО-ның іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға бағдарланған ғылыми-зерттеу қызметін дамыту.
- ЖОО-ның алмасу бағдарламалары, стажировка-лар, халықаралық форумдарға және т.т. қатысу арқылы әлемдік білім беру кеңістігіндегі жоғары білім беру жүйесі интеграциясына бағытталған халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту.
- Елде білім беру кеңістігі бірлігін сақтауға, оның әлемдік білім беру кеңістігіндегі интеграциясын қолдауға мүмкіндік беретін ЖОО-ның ақпараттық ортасын құру және дамытуға бағытталған ақпараттандыру.
- ЖОО-ның студенттің жеке тұлғасының Қазақстан Республикасының азаматы мен патриоты, кәсіби, зияткерлік және әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті болашақ маман ретінде қалыптасуы, дамуы және өзін-өзі танытуы үшін оңтайлы жағдайларды жасауға бағытталған әлеуметтік-тәрбие қызметі.
- ЖОО-ның ПОҚ пен қызметкерлердің тұрақты кәсіби өсуі үшін жайлы жағдайлар жасауға, олардың өкілеттігі мен жауапкершіліктерін нақты бөлуге бағытталған материалдық-техникалық базасын жетілдіру және кадрлық әлеуетін күшейту.

Қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай негізгі механизмдер қолданылатын болады:

1. Жыл сайынғы іс-қимыл жоспары.

Нақты шараларды белгілеу және ЖОО бөлімше-лерінің бірлескен қызметін үйлестіру Стратегияны іске асыру жөніндегі жыл сайынғы іс-қимыл жоспарын жасау есебінен қамтамасыз етіледі.

2. Келісім.

Тұжырымдама оған қатысушылардың арасында келісімге қол жеткізілген жағдайда ғана табысқа ие бола алады. Келісім дегеніміз – әкімшілік-басқарушылық, профессор-оқытушылар және қызмет көрсетуші персоналдың білім беру қызметі субъектілері ретіндегі ынтымақтастығы, олардың арасындағы қызмет бөлінісі және осы Стратегияның басымдықтары мен міндеттерін орындауға деген жауапкершілік. Оған қол жеткізудің негізгі шарттары ЖОО бөлімшелерінің арасындағы байланыстар мен сенімді қарым-қатынас орнату, оны іске асырудағы ашықтық пен түсініктілік, барлық тараптардың мүддесін есепке алу болып табылады.

3. Түрлі бағдарламалар мен бастамалар мүмкіндіктерінің интеграциялануы.

Стратегияны іске асырудың маңызды механизмдерінің бірі – ЖОО бөлімшелері қызметінің және студенттік бастамалардың түрлі стратегиялық бағыттарының келісімі, осы бағдарламалар мен бастамалардың мүмкіндіктерін пайдалану және бір уақытта күшейту, студенттерді осы Стратегияның өзекті міндеттерін шешуге тарту болып табылады.

4. ЖОО-ның пәрменді тараптарын барынша пайдалану.

Мүмкіндіктерді ұлғайтуға пәрменді тараптарды пайдалану үшін өткізілуі

қажетті іс-шаралар:

- Жұмыс берушілерді бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың принциптерін қалыптастыруға тарту;
- ПОҚ біліктілігін көтерудің тиімділігін сапалық және жан-жақты бағалаудың жүйесін қалыптастыру;
- Ғылым мен өндірістің байланыстарын кеңейту және нығайту;
- Кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету желісін дамыту;
- Интернет желісіндегі байланыс арнасының өткізгіштік мүмкіндігін ұлғайту.

5. Бқтимал қауіп-қатерлерді азайту.

ЖОО-ның пәрменді тараптарының қауіп-қатерді болдырмау үшін пайдаланатын іс-шаралары:

- Стратегиялық жоспарлауды дамыту;
- Оқу үдерісінде бар материалдық-техникалық құралдарды пайдаланудың тиімділігін көтеру;
- Материалдық емес ынталандыру жүйесін дамыту;
- Студенттерді жұмысқа орналастыру процесін жетілдіру, еңбек нарығы сұранысын мониторингілеу жүйесін құру.

6. ЖОО-ны дамытудың басымдықтары.

Стратегияны іске асырудың маңызды механизмдері ресурстарды басым бағыттарға шоғырландыру болып табылады. Басымдықтарды, салыстырмалы түрде, тар шеңберден таңдау ЖОО-ны әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және инновациялық дамытудың ұзақ мерзімді болжамы негізінде жүзеге асырылады.

Еуразиялық гуманитарлық институты жоғары оқу орны ретінде Нұр-Сұлтан қаласы мен Республика үшін педагогикалық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында заманауи жоғары білікті кадрлар даярлау міндеттерін шешуде. ЕАГИ жаңа білім беру технологияларын білім берудің орта жалпы білім беретін мектептеріне, соның ішінде шағын комплектілі ауылдық мектептерге, беруді қамтамасыз ететін өзіндік интерфейс болатын жаңа мұғалімдердің қалыптасуына ерекше көңіл бөледі. Бітіруші мамандардың бәсекеге қабілеттілігі ЖОО-ның материалдық-техникалық базасы мен қызметкерлерін дамыту, ең алдымен мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілердің, инвесторлардың сұраныстарына бағытталған алдыңғы қатарлы білім беру технологиялары мен жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Институт мемлекеттік білім беру органдарымен бірлесе отырып, Республика өңірлерінің мамандарға қажеттіліктеріне, өз тұлғаларын жұмыспен қамту деңгейіне, олардың еңбек нарығындағы қажеттілігіне үнемі мониторинг жүргізуге ниетті.

ЖОО-ның 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы Еуразия гуманитарлық институтының Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды, 2017 жылғы 26 желтоқсандағы 123-хаттама.

ЖОО-ның 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 133-хаттамасы.

ЖОО-ның 2018-2022 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Ғылыми кеңестің 2020 ж. 30 қаңтардағы № 143-хаттамасы.